Бекітемін
Мектеп директоры
Б.Туркулов ___________
«____»__________2024 ж.

Келісілді
Директордың ТІЖ орынбасары
М.Дүйсенов ___________
«_____»__________2024 ж.

# «Еркеназ» қыздар кеңесінің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

**Негізгі идеясы:** Ұлтыңды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле.
**Әдісі:** сырласу, пікірлесу,талдау, дөңгелек үстел, кештер.
**«Еркеназ» қыздар кеңесінің негізгі мақсаты:**
Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, және өмірде отбасылық міндеттерді алған білімімен ұштастыра білетін ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін шынайы және оқушы қыздардың сырласатын, ой бөлісетін, қажетті кеңестер ала алатын текті қыздар ортасын құру.
**«Еркеназ» қыздар кеңесінің негізгі міндеттері:**
- Тарихи дара тұлға арулардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- Ұрпаққа берілер ұлттық тәрбие көзі ретінде даярлау;
- Кез келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, саламатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- Қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұлттық құндылықтармен сабақтастыру;
- Болашақ ұлт анасы ретінде қыздарды отбасы өміріне даярлау;
- Салт-дәстүрді дәріптеп, жүзеге асыруға баулу;
- Үй шаруашылығына қатысты өмірлік қажеттілік дағдысын қалыптастыру;

**№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі**
**2024-2025 оқу жылындағы қыздар кеңесінің жылдық жоспары**

| № | Мерзімі | Жұмыстың мазмұны | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек | «Еркеназ» қыздар клубының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.<br>«Қыз қылығымен сүйкімді» (баяндама, ізгі тілек) | Қыздар кеңесінің жетекшісі : Сырманова Г<br>ДТІЖО Атақұлова Ж |
| 2 | Айына бір рет | Қыздар жиналысын өткізу | Қыздар кеңесі жетекшісі,медбике |
| 3 | Мереке күндері қарсаңында | Мерекелік қабырға газеттерін шығару | Қыздар кеңесіжетекшісі<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | Қазан | «Өмір қымбатсың маған!» тренинг | Клуб жетекшісі<br>Психолог Сармантаева А |
| 5 | Қараша | «Салауаттылық-салтымыз» | Қыздар кеңесі жетекшісіСырманова Г<br>Медбике:Абдіраймова А |
| 6 | Желтоқсан | «Мәңгілік елдің қыздары ибалы келеді» | Қыздар кеңесі жетекшісі<br>ДТІЖО |
| 7 | Қаңтар | «Әдеп пен ар-ұят –қыздың көркі» тақырыбында психопрофилактикалық жұмыс | Қыздар кеңесі жетекшісі<br>Психолог Сармантаева А |
| 8 | Ақпан | «Дін және мен» дөңгелек үстел | Қыздар кеңесі жетекшісі<br>Психолог<br>ДТІЖО |
| 9 | Наурыз | «Ана.Келін.Бойжеткен» аналармен бірге | Қыздар кеңесі жетекшісі |

[illegible] сөйлеуін дамыту.

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | дөңгелек үстел | |
| 10 | Сәуір | «Озар елдің қызы мінезді келеді» пікір алмасу | Қыздар кеңесі жетекшісі |
| 11 | Мамыр | «СЫРҒАЛЫМ» қыздар клубының жылдық қорытынды отырысы | Қыздар кеіесі жетекшісі ДТІЖО |

**№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ**
**2024 жылдың қыркүйек айында**
**қыздар жиналысының**

**ХАТТАМАСЫ №1**

**Қатысушылар:**
**Қатысуға тиіс:**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:**

1.Жылдық жоспар құру,тағайындау.
2.Қыз болашақ ана
3.Ерте жүктіліктің ертеңі

**Тыңдалды:**

Ағымдағы мәселелер бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары таныстырып өтті. 2024-2025оқу жылында қыздар ұйымының төрайымын сайлау керектігі жөнінде айтып,оған мектептен лайықты оқушыны таңдау керектігін айтып өтті. Жылдық жоспар таныстырылып, жыл ағымында өткізілетін іс шаралармен таныстырылды. Қыз балалардың тәртібі жайлы кеңінен айтылды.
Ағымдағы жұмыстар: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Қыз болашық ана » тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. ТІЖО өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы,қыздар болашақ ана,бақыт байлық ошағы,адамзаттың өсіп-өркендеп,тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді.Қыздар тәрбиесі арналған кеңестер берілді. Оқушы қыздардың тәртібі, кемелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқыбұзышылықтар туралы ескертіп,мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті.Баяндамаға қосымша қыдарға тәлімгер мұғалімдер қыз болашақта ана болатыны және осы жас кезден бастап әр бір қыз бала өз абыройын ойлау керектігі туралы мысалдар келтіріп айтып түсіндіріп өтті.

мәселе бойынша «Ерте жүктіліктің ертеңі» тақырыбында психолог оқушы қыздар арасында ерте жүкті болу,қыз бала болашағына ,денсаулығына зиян екендігін,ерте жүктілікте құқықбұшылыққа жататыны туралы айтып слайд көрсетіп кең түрде түсінік берді.Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын ,кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау,және туылған күндерді өткізбеу, қыз бала туысқандар болсада үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды.

ТІЖО «Қазақстан бірлікпен татулықтың мекені» тақырыбында баяндама оқып бұл баяндаманың мақсаты мен таныстырып өтті. Қазақстанда 130 дан аса ұлт өкілдері тұратыны және ұлттар арасында достық қарыма қатынаста болу керектігі қатаң түрде ескертіліп айтылды.Біз Қазақстан елінің азаматары,өз Отанымызды,жерімізді сүйетінімізді өз әрекеттеріміз арқылы көрсете білу керекпіз. Әр бір Қазақстан азаматы

қандай ұлт өкілі болсын Қазақстан рәміздерін құрметтеуге,жерін сүюге,әр бір адамды қадірлеуге міндетті екендігі туралы түсінік беріп өтті.

**Ағымдағы жұмыстар бойынша**

1. демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы таныстырып және сағат 20-00 дан кейін көшеге шықпау,жақын көрші ауылдарға жалғыс ата-ананың қадағалауынсыз қыдырып бармау, тау еш қандай мейрам,іс шара ұйымдастырмау,отырыстарды өткізбеу Жасөспірім қыздар арасында болып жатқан ерте жүктілік ерте жүктіліктің салдары туралы түсінік беріп өтті.

Шешім:

А.Сармантаева, психолог қыздарға арналған ерте жүктіліктің салдары туралы кеңестері негізге алынсын.

1. Демалыс кезінде айтқан қауіпсіздік ережелерін негізге алынсын..

Қыздар кеңесінің төрайымы: Г.Сырманова

Хатшы: Қ.Сейілбекова

**№28 «Мақташы» жалпы білім беретін мектебі КММ**
**2024 жылдың қараша айында**
**қыздар жиналысының**

# ХАТТАМАСЫ №2

**Қатысушылар:**
**Қатысуға тиіс:**

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Баяндама таныстырылым «Тазалық тәртіп басты талап»
2. Тәртіп туралы қыздарға арналған кеңес Психолог

Ағымдағы жұмыстар:
1. демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері,құқықбұзышылықтың алдын алу

Тыңдалды:
1-мәселе бойынша Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар «Тазалық тәртіп басты талап» тақырыбындағы слайд баяндамамен таныстырды. өз баяндамасында өнегілі тәрбиелі қыз бала қандай болу керектігі және қыз өмірдің қызғалдағы,қыздар болашақ ана,бақыт байлық ошағы,адамзаттың өсіп-өркендеп,тәлім тәрбие алатын қасиетті ұясы екендігін түсіндірді. Оқушы қыздардың тәртібі, кәмелет жасына толмаған оқушылар арасындағы құқыбұзышылықтар туралы ескертіп,мысалдар келтіріп түсіндіріп өтті.
2 мәселе бойынша Тәртіп туралы психолог оқушы қыздар арасында,а мектептегі,көшедегі тәртіп сақтау ережелері және қыздар арасындағы ерте жүкті болу,қыз бала болашағына ,денсаулығына зиян екендігін,ерте жүктілікте құқықбұшылыққа жататыны туралы айтып түсінік берді.Қазіргі қоғамдағы қыздар арасындағы жат қылықтар туралы және оқушы қыздар арасында 13-18 жас аралығында ерте жүктілік көп кездесіп жатқандығын ,кешкі жақын көшеде сағат 20-00 дан кейін шықпау,және туылған күндерді өткізбеу, қыз бала туысқандар болсада үйіне қонбау керектігі ескертіліп айтылды.

**Ағымдағы жұмыстар бойынша**

ТІЖО қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы таныстырып және сағат 20-00 дан кейін көшеге шықпау,жақын көрші ауылдарға жалғыз ата-ананың қадағалауынсыз қыдырып бармау, тау еш қандай мейрам,іс шара ұйымдастырмау,отырыстарды өткізбеу

Шешім:
1. ТІЖО «Тазалық тәртіп басты талап » тақырыбындағы жұмыстар қанағатты деп табылсын.
2. Қыздардың бойындағы жат қылықтарды болдырмау тақырыбындағы жұмыстар жандандырылсын.

Қыздар кеңесінің төрайымы: Г.Сырманова
Хатшы: Қ.Сейілбекова